

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(20) қазан-желтоқсан 2019
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
- Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытайтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)
- Римантас Желвис (Želvy Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
- Сыдықов Ерлан Бәтмашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)
- Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)
- Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)
- Кумекоев Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
 Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

FTAMP 03.01.09

АБУ-Л-ҒАЗИ БАҒАДҮР ХАН: ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ**Ташқараева Ә.М.**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Тарих» мамандығының докторанты. Астана қ., Қазақстан.

Аңдатпа. Өмірінің соңында «Шежіре-и-түрк» (Түрік шежіресі) және «Шежіре-и-таракиме» (Түрікмен шежіресі) атты өшпес тарихи шығармаларын қалдырған Абу-л-ғазиз Бағадүр ханның өмірі мен атқарған қоғамдық қызметін зерттеу жалғасын таба түсуі керек. Мақалада XVII ғасырдағы Хиуа ханы, әйгілі тарихшы-шежіреші, Абу-л-ғазиздің жүріп өткен жолы қалай болды, қандай қызметтер атқарды деген сұрақтарға жауап алуға талпыныс жасалады. Жастайынан қайнаған саяси оқиғалардың куәсі болып өскен Абу-л-ғазиздің билікке араласуын, шапқыншылықтарға қастысуын, Хиуа ханы атануына тоқталып өту осы мақаланың мақсаты болып табылады. Аталған мақсатқа жету барысында бұған дейін осы тақырып төңірегіндегі зерттеулерге шолу жасалып, ой түйінделеді (зерттеу тәсілі). Ол кемеңгер саясаткер, әскери өнерді жетік меңгерген қолбасшы және білімді адам ретінде бар әрекетін алдына қойған мақсатын орындауға арнады деген қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: Абу-л-ғазиз, түрікмендер, шабуылдар, Хиуа, Қоқан, Бұқара, Үргеніш, Маңғышлақ, наймандар, ұйғырлар, қалмақтар, хан.

АБУ-Л-ГАЗИ БАХАДҮР ХАН: ЖИЗНЬ И ОБЩЕСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ**Ташқараева А.**

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, докторант специальности "История" г. Астана, Казахстан.

Аннотация. Необходимо продолжить изучение жизни и общественной деятельности Абу-л-Гази Бахадур–хана, оставившего неизгладимые исторические произведения как: «Шежіре-и-турк» («Родословная турок») и «Шежіре-и-таракиме» (Родословная Туркмен). В данной статье делается попытка получить ответ на вопросы каким была жизнь и общественная деятельность Хивинского хана XVII века, известного историка-летописца Абу-л-гази.

Целью данной статьи является разъяснение вмешательства Абу-л-гази во власть, участие в войнах, признанием хивинским ханом. В ходе достижения данной цели проведен обзор исследований по данной теме и обобщен мысль (метод исследования). В конце делается вывод, что он, как мудрый политик, полководец, в совершенстве владеющий военным искусством и образованный человек, направил все действия на выполнение поставленной цели.

Ключевые слова: Абу-л-Гази, туркмены, войны, Хиуа, Коканд, Бухара, Ургениш, Мангышлак, найманы, уйгуры, калмыки, хан.

ABU-L-GHAZI BAHADUR KHAN: LIFE AND PUBLIC ACTIVITIES**Tashkaraeva A.**

L. N. Gumilyov Eurasian National University PhD Student on “History” specialty, Astana, Kazakhstan.

Abstract. It is necessary to continue the study of the life and social activities of Abu al-Ghazi Bahadur Khan, who left indelible historical works as: "Shezhire-I-Turk" (Turkish Ancestry) and "Shezhire-I-tarakim" (Turkmen Ancestry). This article is an attempt to get an answer to the questions what was the life and social activities of the Khiva Khan of the XVII century, the famous historian-chronicler Abu al-Ghazi.

The purpose of this article is to explain the interference of Abu al-Ghazi in power, participation in wars, recognition of Khiva Khan. In furtherance of this goal, a review of studies on this topic and obasan idea (research method). In the end, it is concluded that he as a wise politician, commander, fluent in the art of war and educated man, directed all actions to achieve this goal.

Keywords: Abu-l-Gazi, Turkmens, wars, Khiva, Kokand, Bukhara, Urgench, Mangyshlak, Naimans, Uighurs, Kalmyks, Khan.

Кіріспе

XVII ғасырдағы Орта Азия аумағындағы мемлекеттер мен халықтар арасындағы саяси қатынастар тарихында Хиуаның ханы Абу-л-ғазидің (Әбілғазы) орны ерекше. Жалпы, Адамзат тарихында, әсіресе орта ғасырларда билік пен білімді қатар алып жүрген қайраткерлер көп емес. Абу-л-ғазиді сондай қайраткерлердің қатарына жатқызуға болады. Ол тек Хиуаның әйгілі ханы ғана емес, сонымен қоса белгілі тарихшы-шежіреші, ақын, өз заманының білімді адамдарының бірі, «Шежіре-и-түрк» (Түрік шежіресі) және «Шежіре-и-таракиме» (Түрікмен шежіресі) шығармаларының авторы. Оның қайнаған саяси оқиғалардың ішінде жүріп, артынан маңызды деректемелік шығармалар қалдыруы атап өтуге тұрарлық.

Материалдар мен әдістер

Мақалада тұлғаның тарихи кезеңіне сәйкес, оның тарихын шынайы қарастыруға мүмкіндік беретін тарихилық және объективтілік ғылыми принциптері қолданылды. Аталған методологиялық қағидалардан проблемалық-хронологиялық және тарихи-салыстыру әдістері туындады. Әсіресе, негізгі назар тарихижүйелілік әдісіне аударылды. Автордың өзінің еңбегіндегі автобиографиясын басқа зерттеулермен салыстыру әдісі де қолданылды.

Бұл зерттеудің ақпарат көздерінің негізгі тобына Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-түрік» шығармасының аудармалары, сондай-ақ, автордың өміріне қатысты ғалымдардың еңбектері жатады.

Талқылау (зерттеуді тарихнамалық саралау)

Осы күнге дейін Орта Азия өңірі халықтарының, соның ішінде түрікмендер тарихын зерттеуде Абу-л-ғазидің шығармалары басты деректемелік еңбектердің қатарында. Дегенмен, оның қызметіне баға беруде қарама-қайшылықтар орын алып келе жатқаны белгілі. Абу-л-ғазидің саясаткерлігі, көрегенділігі, қолбасшылық қабілеті, орын алған саяси шиеленісті оңтайлы шеше білуі, көрші мемлекеттермен қарым-қатынасы XVII ғасырдағы Хиуа хандығының тарихында барынша көрініс тапқан.

Негізінен, Абу-л-ғазидің өмірі мен қызметіне арнайы жазылған еңбек жоқ. Көп жағдайда Орталық Азияның билеушісі ретінде деректік материалдарға негізделген авторлардың зерттеулерінде кездеседі.

Абу-л-ғазидің өмірі мен қызметіне қатысты ең алғашқы жазба оның «Шежіре-и-түрік» шығармасында орын алған. Абу-л-ғазиді онда өзінің өмірге келуін, ағаларымен болған билікке талас, хандық билікке келуін, шапқыншылықтары туралы жан-жақты жазған. XIX ғасырда Мунис және Агахи «Фирдаус әл-икбал» жазбаларында Абу-л-ғазидің өмірі мен қызметіне тоқталып өтеді.

Абу-л-ғазидің шығармаларын зерттеуде бірқатар орыс ғалымдары да оның өмірі мен қызметіне тоқталған. Олардың қатарына А. Туманский, Г.С. Саблуков, А.Н. Кононов, В.В. Бартольд т.б. жатады. А.Н. Кононов Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-таракиме» шығармасын аударғанда оның өмірі мен қызметі саралау, талдау түрінде жазған.

Нәтиже

Абу-л-ғазидің 1603 жылы Үргеніш қаласында туған («Қазақстан» ҰЭ, 1998:621), Шыңғыс ханның Жошыдан тараған тікелей ұрпағы, өзінің «Шежіре-и-түрк» шығармасында Шыңғыс ханға дейінгі аталарын атап шығады: Араб-Мұхаммед хан → Хаджы-Мұхаммед хан → Акатай хан → Амен-хан → Ядигер хан (Йадгар хан) → Тимур-шейх → Хаджы-толы → Араб-шах → Болад → Менгу-темір-хан → Бадақұл → Жошы-Бұқа → Баһадүр → Шибан хан → Жошы хан → Шыңғыс хан (Саблуков Г.С., 1906: 262). Абу-л-ғазидің шығармасында келтірілген бұл деректер мен қазіргі ғылыми айналымдағы әдебиеттерде біршама айырмашылықтар бар. Мәселен, Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-түрк» шығармасын көне түркі тілінен аударған Б. Әбілқасымұлының кітабында автордың аталарын тізбектеу реті былай берілген: «Араб-Мұхаммед хан, оның әкесі – Хаджы-Мұхаммед хан, оның әкесі – Әмін-хан, оның әкесі – Йадгар хан, оның әкесі – Теміршейх, оның әкесі – Хажытолы, оның әкесі – Арабшах, оның әкесі – Полад, оның әкесі – Менкутемір хан, оның әкесі – Бадақұл, оның әкесі – Жошы хан, оның әкесі – Шыңғыс хан» (Әбілғазы, 2006: 175). Бұл жерде Амен ханның бесінші ұлы Акатай хан қалып кеткен, сәйкесінше, Амен хан Хаджы-Мұхаммед ханның әкесі деп жазылған. Алайда, осы әдебиетте «Абулек хан мен Әмін ханның балаларының Үргенішке келіп Хиұқ, Һазарасып, Хорасанды алғаны» баянында: «Әмін ханның алты ұлы бар еді, үлкені Сафиян, екіншісі – Божыға, үшіншісі – Уаныш, төртіншісі – Қал, бесіншісі – Ақатай, алтыншысы – Ағанай», – деп көрсетілген (Әбілғазы, 2006: 130). Сондай-ақ, Абу-л-ғазидің он бірінші атасы Бадағұлдан кейін Жошы-Бұқа→Баһадүр→Шибан хан жазылмаған, бірден Бадағұлдан кейін Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы хан көрсетілген, яғни ортада үш ата қалып қойған. Бұл жердегі Бадағұл Жошы ханның ұлы емес, төртінші ұрпағы, яғни шөпшегі. Сәйкесінше, Жошы хан Бадағұлға төртінші атасы, моңғолша «бұдатұр» болар. Сондай-ақ, Г.Ж. Табулдиннің «Чингизиды» еңбегінде Абу-л-ғазидің мен оның інісі Шериф-Мұхаммед хан Араб Мұхаммед ханның үлкен ұлы, яғни Абу-л-ғазидің үлкен ағасы Исфандияр ханның балалары деп көрсетілген (Табулдин Г.Ж., 2016: 241). Алайда, Абу-л-ғазидің Аспандиярдың ұлы емес, өзінен кейінгі үшінші бауыры.

Абу-л-ғазидің әкесі Араб Мұхаммед-хан – 1603 жылы хан тағына отырған Хорезм мемлекетіндегі Шайбан әулетінен шыққан он бірінші хан, билік құрған жылдары мемлекетті басқару ісінде үлкен жетістіктерге жетіп, Хиуа хандығына тонаушылық шапқыншылықтар жасаған казактарға біржола тойтарыс берген. Абу-л-ғазидің Араб-Мұхаммедтің төртінші ұлы, ханның Абу-л-ғазиден басқа 6 ұлы болды: Аспандияр, Хабаш, Жолбарыс, Шәріп Мұхаммед, Хорезм Шах, Ауған. Аспандиярдың анасы өз жамағатының қызы, Хабаш пен Жолбарыстың аналары бір, найман қызы, Шәріп Мұхаммедпен Хорезмшахтың да аналары бір, қожа тұқымынан, Ауғанның анасы Әбілхайыр әулетінен шыққан. А.Н. Кононов Аспандияр мен Абу-л-ғазидің аналары бір деп есептейді, Араб Мұхаммедтің алғашқы төрт ұлы бір-бірімен жауласып, одақтасқанда да аналарынан туылуына қарай бөлінген дейді (Кононов А.Н., 1958: 9). Ал, Г.С. Саблуковтың аудармасында Аспандияр ханның анасы өз жамағатынан, ал, Абу-л-ғазидің анасы Жанғазы сұлтанның қызы Михрибану ханым дейді (Саблуков Г.С., 1906: 248). Бұл дерек еңбектің француз тіліне аударылған нұсқасында да Аспандияр ханның анасы Араб Мұхаммед ханның жақын туыстарының бірі деп көрсетілген (Абулғазидің Бахадурхан, 1768: 265). Яғни, Абу-л-ғазидің мен Аспандияр екеуін Хабаш пен Жолбарыс, Шәріп Мұхаммедпен Хорезмшах сияқты бір анадан туған деп атап көрсетпеген.

Абу-л-ғазидің анасы Михрибану-ханым Шыңғыс ұрпағынан тараған Арал теңізі маңындағы билеуші Жанғазы сұлтанның қызы, Абу-л-ғазидің бесінші атасы Иадгар ханнан бастап анасының аталары қосылады. Туылғанда есіміне қоса берілген «ғазидің» титулы Араб Мұхаммед ханның жайық казактарын жеңгеннен кейін қырық күн өткен соң туылуы себебімен қатар, анасының «ғазидің» титулы бар отбасынан шығуы да әсер еткен (Саблуков Г.С., 1906: 262). Алты жасында анасынан айырылған Абу-л-ғазидің әкесінің жанында тәрбиеленіп, медреседе оқып, білім мен ғылымды, әскери өнерді, ел билеу әдістерін жете меңгереді (История Казахстана. Энцикл. справочник, 2010:15). Он алты жасқа келгенде әкесі оның билігіне Үргеніштің бір бөлігін берді, осы кезден бастап билікке араласып, үлкен ағаларымен бірге саяси күреске қатысты.

Абу-л-ғазидің ағалары Хабаши пен Жолбарыс наймандар мен ұйғырлардың қолдауымен халықтың едәуір бөлігін өзіне қаратып, хан тағында отырған әкелеріне қарсы шығып, ел ішінде бүлік шығарды. Олардың билікке қарсы ең алғашқы қарсылығы 1616 жылы Хиуада, әкелері Үргенішке кеткен кезінде болған еді. Араб-Мұхаммед-хан Хабаши пен Жолбарыстың артында маңызды күштер тұруы мүмкін деген қауіппен олардың билігіне Вазирді берген соң, біраз тынышталған еді. Араға бірнеше жылдарды салып, 1621/1622 жылы Жолбарыс Абивердке шапқыншылық жасаймын деген сылтаумен Вазирден шығып, Сағча құдығының жанында Араб-Мұхаммедтің кеткенін күтіп, Хиуаға басып кірді. Әкесінің қазынасын және оған қызмет етуші бектердің мүлкін түгелдей тонады (Кононов А.Н., 1958:10).

Жолбарыстың бұл бүлігін естіген Аспандияр, Хабаши, Абу-л-ғазиді және Шәріп Мұхаммед әкелеріне көмектесуге бел буды. Алайда, ақсақалдар Жолбарыс тығырыққа тіреліп, әкесін өлтіруі мүмкін деген қауіптен сескеніп, оларды бұл райынан қайтарады. Жолбарыс Хиуадан кетіп, ханның өміріне төнген қауіп сейілген соң, Абу-л-ғазиді Аспандиярмен бірге Жолбарысқа қарсы шықты, бірақ Жолбарыстың соғысуға шамасы болмай қашып кетті. Бұдан кейін Араб-Мұхаммед хан Хиуаға оралды, ал Аспандияр сұлтан Хазараспеге кетті. Абу-л-ғазидің әкесіне Хабаши және Жолбарыс сұлтандардан келер қауіп әлі алда екенін ескертіп, олардан құтылуға кеңес берген еді, алайда Араб-Мұхаммед хан оған құлақ аспады. Абу-л-ғазидің бұл сөзі туралы Аспандияр сұлтанның нөкерлерінің бірі естіп қалып, Хабашиқа жеткізеді, осы кезден бастап Хабаши пен Абу-л-ғазидің ара-қатынасы бұзылады (Саблуков Г.С., 1906: 254).

Енді Хабаши Жолбарыс жағына шығып, оған әкесі мен үлкен ағасының кеткенін және Вазирге мүмкіндігінше тезірек келуі туралы хабар жіберді. Абу-л-ғазиді жауына айналған бауырларының арасында қала алмайтынын біліп, әкесінің артынан кетті, Араб-Мұхаммед хан оған Кят уәлаятын берді. Осы оқиғалар өткеннен кейін бес айдан соң Араб-Мұхаммед хан Абу-л-ғазидің кеңесіне құлақ аспағанына өкініп, Аспандияр мен Абу-л-ғазидің әскерімен Хиуаға келулерін бұйырды. Араб-Мұхаммед хан, Аспандияр және Абу-л-ғазидің сұлтандар бір жақтан, Хабаши пен Жолбарыс сұлтандар екінші жақтан кескілескен ұрысқа түсіп, алғашқылары ойсырай жеңіледі. Нәтижесінде, Араб-Мұхаммед хан Хабаши пен Жолбарыс сұлтандардың қолына тұтқынға түсті, оның көзін ойып, Хиуада өз бақылауларында ұстады. Абу-л-ғазиді Қиятқа, одан әрі Бұхараға қашты. Аспандияр сұлтан, Шәріп Мұхаммед және Хорезм Шах сұлтандар Хазараспенің цитаделіне қамалды. Хабаши сұлтан қырық күндік қамаудан кейін бауырларымен достасуды жөн көріп, Аспандиярға Меккеге барып ғибадат етіп келуіне рұқсат берді. Ал, Шәріп Мұхаммедке Қиятты берді, 12 жасар Хорезм Шах пен 10 жасар Ауғанды әкесіне жіберді. Шәріп Мұхаммедхан 4 айдан соң ағасы Абу-л-ғазидің жанына, Бұхараға қашты. Аспандияр Меккеге барудың орнына Иранға, І Аббас шахқа (1587-1628) кетті (Кононов А.Н., 1958: 10-11).

Хабаши Үргеніш пен Вазирде, Жолбарыс Хиуа мен Хазараспеге өз биліктерін жүргізді. Араб-Мұхаммед хан үш әйелі және екі кіші ұлымен бірге Вазирден шығысқа қарай 6-7 шақырым жерде орналасқан Құм бекінісіне қамалды. Бір жыл уақыт өткеннен кейін Жолбарыс Хабашиқа айтпай әкесі мен екі кіші інісін Хиуаға ауыстырды. Аспандияр сұлтанның екі ұлы да Хиуада,

Жолбарыстың қолында болатын. Осы жерде Жолбарыс өзінің әкесін, інісі Хорезм шах сұлтанды және Аспандиярдың екі ұлын өлтіруге бұйрық берді. Кіші інілері Ауғанды өлтіру үшін ағасы Хабаш сұлтанға жібереді. Хабаш Ауғанның болып жатқан оқиғаларға еш кінәсі жоқ екенін ескеріп, бір жағынан өзінің қасында қалдырғысы келмей 1622 жылдың соңында мәскеулік елші И.Д. Хохловқа қосып жіберді. Бұл туралы Шоқан Уәлиханов: «1622 жылы өз туысқандарынан қуғын көрген Хиуалық Ауған хан Михаил (Романов) патшаның қамқорлығын іздейді де, егер ол оған бұрынғы дәрежесін қайтаруға көмектесетін болса, Ресейге бағынуға мойынұсынатынын білдірді», – деп жазды Уәлиханов Ш.Ш., 2010: 193). Бірақ, Ауған бұл өтінішін 1622 жылы емес, сәл кейінірек айтқан болуы керек, себебі бұл кезде ханзада небәрі 11-12 жаста еді. Ауған сұлтан Мәскеулік патша Михаил Федоровичтің ордасында 1648 жылға дейін қызмет етіп, қайтыс болған.

Иранда бой тасалап жүрген Аспандиярды I Аббас шах өзіне тиесілі билікті бауырларынан соғыспен қайтарып алуға үгіттеді. Аспандияр I Аббас шах жинап берген үш жүз адамдық әскермен 1622 жылы Дурунге, ол жерден әрі Балқан тауларына жол тартты. Одан әрі санаулы әскерімен Әмударияның оң жақ бетінде, Түк қорғанына қарама-қарсы жердегі Хабаш сұлтанға аттанды. Аспандияр сұлтан Хабаш сұлтанның тұрағына шабуылдап тонады, Хабаш ордасында болмағандықтан оны ұстай алмады. Хабаш ағасының келгенін біліп, Жолбарысқа қашты. Екеуі қосылып Аспандияр сұлтанға қарсы шабуылға шықты. Күш біріктірген інілерімен соғыста ол алғашқы шабуылда-ақ жеңіліске ұшырап, Маңғышлаққа шегінді. Осы жерден үш мың түрікменді жинап, Үргенішке қайта аттанды. Хабаш пен Жолбарысқа наразы көптеген халық Аспандияр жағына шығып, Хабаш пен Жолбарыс жеңіліс тапты. Жолбарыс тұтқындалып, өлтірілді, ал Хабаш Сырдарияның жағасындағы қарақалпақтарға қашты, бірақ ол жерде өзін қауіпсіз сезінбегендіктен, Жем өзеніндегі маңғыттарға кетті. Маңғыттар Хабаш сұлтанды ұстап алып, Аспандиярға жіберді, ол Хабашты өлтіруге бұйрық берді. (Саблуков Г.С., 1906: 260).

Екі жылдай Бұхар ханы Имамқұлдың жанында болған Абу-л-ғазиз мен Шәріп Мұхаммед Аспандиярдың бүлікшіл інілерін жеңгенін естіп, тез арада Үргенішке аттанды. 1623 жылы Аспандияр Хорезм ханы болып жарияланды. Аспандияр өзі Хиуада, Хазараспе мен Қиятта отырды, Абу-л-ғазизге Үргенішті, Шәріп Мұхаммедке Вазирді берді (Веселовский И., 1877: 133).

Аспандияр хандық таққа отырысымен-ақ, Хабаш пен Жолбарысқа қолдау көрсеткен ұйғырлар мен наймандарды ығыстырып, хан болғанға дейін барлық істерінде арқа сүйеген түрікмендерге үлкен қолдау көрсетті. Аспандиярдың түрікмендерді қолдауынан қауіптеніп, Абу-л-ғазиз мен Шәріп Мұхаммед 1624 жылы Аспандиярға соққы беруге тырысты. Алайда оның бәрі сәтсіздікпен аяқталды, себебі, Маңғышлақ және Балқан түрікмендері ханға үнемі қосымша күш жіберіп отырды. А.Н. Кононов мәліметі бойынша, 1627 жыл шамасында Абу-л-ғазиз күшінен айырылып, қазақтарға қашады, оны Түркістанда Есім хан қабыл алады (Кононов А.Н., 1958: 13). Алайда, Шоқан Уәлиханов: «Тәуекел ханның інісі әрі мұрагері Есім ханға өз ағасы Хиуа ханының ығыстыруынан атақты шығыс тарихшысы Әбілғазиз 1625 жылы қашып келді», – деп жазды (Уәлиханов Ш.Ш., 2010: 211). Абу-л-ғазиздің өзі бұл оқиға туралы «Үргеніш өзбегінің бұзылғанының баянында»: «Қыркүйек айының соңында, қазан айының басында хан жұртынан безген ел үш топ болды: біріншілері – Бұқарға, екіншілері – қазақтарға, үшіншілері маңғыттарға көшті. Мен қазақтарға кеттім. Түркістанда Есім ханның қасында үш ай тұрдым. Ол кезде қазақтардың ханы Тұрсын хан еді, ол Ташкентте тұратын еді, Есім хан Тұрсын ханға кездесуге барғанда мені бірге ала барды. Ол ханға менің Иадгар ханның ұрпағы екенімді, біздің жамағаттан әлі ешкім бұл елге қонақ болмағанын және менің ханның қызметінде болуымның дұрыстығын айтты. Осы кезден бастап, мен Тұрсын ханның жанында екі жыл паналадым», – дейді. (Саблуков Г.С., 1906: 275). Сондай-ақ, Абу-л-ғазиз Тұрсын ханды Есім хан өлтіргеннен кейін одан рұқсат сұрап, Имамқұл ханға кеткенін жазады (Саблуков Г.С., 1906: 275). Тұрсын хан 1627 жылы қайтыс болғаны белгілі, демек, Абу-л-ғазиздің Есім ханға келуі 1625 жыл шамасында болған. Одан әрі

Шәріп Мұхаммедхан екеуі Бұхарадағы Имамқұл ханнан пана тапты. Біраз уақыт өткен соң араларында толық ауызбіршілік болмаған хиуалық түрікмендер Абу-л-ғазиге шақырту жібереді. Аспандияр хан түрікмендердің бір бөлігімен келіспеушілігі себебінен Хазараспеге көшіп кеткен еді. Екі айдан кейін Шәріп Мұхаммед Хазараспеге көшіп кетеді де Аспандияр ханға қосылады. Енді Абу-л-ғазиге ағасы мен інісі қарсы болды. Керісінше, өзінің жауы ретінде көріп келген Абу-л-ғазиді енді хиуалық түрікмендер қолдап, Аспандиярға қарсы соғыста жеңіске жетеді. Аспандияр Хиуаны Абу-л-ғазиге беріп, арада өзара келісім жасалады.

Бір кездері бүлікшіл бауырларына қарсы күш біріктірген Аспандияр мен Абу-л-ғазидің осы оқиғадан кейін ара-қатынасы қатты бұзылады. Аспандияр енді оны тағына бақталас көріп, тұтқындап Иран шахына жіберуді жөн көрді. 1629 жылы Абу-л-ғазиді күзетпен елдің астанасы Хамаданға жеткізеді. Хан тағында отырған I Аббастың мұрагері Сефи Абу-л-ғазиді Исфахандағы Табарек қамалына орналастырады. Абу-л-ғазиді бұл қамалда білімін жетілдірумен айналысады, араб, парсы тілдерін үйренеді (Абражеев А., 1946: 69). В.В. Бартольдтің пікірінше, Абу-л-ғазидің осы қамалда он жыл тұруы өзінің білімін жетілдірумен қатар, әулетінің тарихын жазуына әсер еткен (Бартольд В.В., 1963: 164).

Абу-л-ғазидің жазуынша, ол Ирандағы қамалда он жыл тұрып, он бірінші жылы қасындағы үш кісімен бірге қашқан (Саблуков Г.С., 1906: 279). Сәйкесінше, бекіністен қашу 1639 жылы болып, күзде хорасандық Мехин деген ауылға жетеді. Бұл жердегі түрікмендер – бастапқыда Маңғышлақта өмір сүрген, кейіннен қалмақтар оларды ығыстырып, осында келген ерсары тайпасының қызылаяқ деп аталатын түрікмендері еді. Бүкіл ауыл жиналып, Абу-л-ғазиге Мехинде қыстап шығуын, көктем шығысымен бір амалын табатынын айтады. Көктем шығысымен ауыл тұрғындары Абу-л-ғазиді үшін бұл жерде қалудың қауіптілігін ескертіп, Балқандағы теке Маңғышлаққа бет алады. Бұл кезде Маңғышлақта қалған түрікмендер қалмақтардың қол астында еді. Абу-л-ғазидің келгенін естіп, қалмақтардың басшысы оны жанына алдырып, бір жылдан кейін Үргенішке шығарып салады (Саблуков Г.С., 1906: 283). Мунис және Агахидің «Фирдаус әл-икбал» шығармасында 1051 жылы Арал өзбектерінің қалмақ ханына қырық қап сый әкеліп, Абу-л-ғазиді өздерімен бірге алып кеткендігі жазылған (Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков, 1969: 451).

Абу-л-ғазидің өзінің еліне оралу уақытын былай сипаттайды: «Хижра жыл санауының 1052 жылан жылында өз жұртыма, өз халқыма оралдым. Алты ай өткенде, жылқы жылының басында Аспандияр хан қайтыс болды» (Саблуков Г.С., 1906: 284). Хижра жыл санауындағы 1052 жыл қазіргі жыл санаудың 1642/1643 жылына сәйкес келеді, алты ай өткеннен кейінгі Аспандиярдың (1643 жылы қайтыс болған) қайтыс болу уақыты да сәйкес келіп тұр. Алайда, Н.И. Веселевский жылан жылы 1052 жылға емес, 1050 және 1051 жылға сәйкес келеді деп есептейді (Веселевский И., 1877: 134). А.Н. Кононов Абу-л-ғазидің Исфаханнан шығуы 1639 жылдың ортасында деп есептесек, оның текелердің арасында және Маңғышлақтағы қалмақтардың арасында үш жыл емес, екі жылын өткізген болуы керек және 1641 жылдың ортасында өзінің жұртына оралған дейді Кононов А.Н., 1958: 15). 1641 жыл хижра жыл санауының 1050/1051 жылына сәйкес келеді. Абу-л-ғазиді ары қарай жазады: «Аспандияр хан қайтыс болғаннан кейін бір жылдан соң, атап айтқанда 1054 жылы қой жылының басында Арал өзбектері мені хан көтерді» [1. 284 б.]. Н.И. Веселевский мәтінде көрсетілген жылды қате екенін, дұрысы 1053 болуы керек деп санайды (Веселевский И., 1877: 135). Себебі қой жылы 1054 жылға емес, 1052/1053 жылға сәйкес келеді. Егер бұл оқиғаны Абу-л-ғазидің екі жылдан кейін, 1645 жылы Хиуаға хан болуымен сәйкестендірсек, еліне келуі 1053 немесе 1643 жыл.

Абу-л-ғазидің өзі жазғандай, Үргенішке емес, Аспандияр ханның билігін мойындамаған Арал маңындағы өзбектерге келген (Бартольд В.В., 1963: 610). Алты айдан соң, Аспандияр хан қайтыс болғаннан кейін Абу-л-ғазиді түрікмендерден өзін ағасының мұрагері ретінде танып, оның екі

баласын беруін талап етеді. Алайда, түрікмендер Абу-л-ғазиге емес, Бұхар хандығына бағынуды жөн көрді. Бұқар ханы Надир-Мұхаммед елді басқару үшін немересі Қасым сұлтанды жібереді, бірақ, билік іс жүзінде түрікмендердің өздерінде қалған еді. Аралда отырған Абу-л-ғазиді Хиуаға басып кіруге әрекеттенуі еш нәтиже бермеді. Тек 1645 жылы Надир-Мұхаммед биліктен кетіп, орнына ұлы Абду-л-Азиз отырғанда жағдай өзгерді. Барлық Хиуадағы бұқарлық әскер Бұқарға оралды. Абу-л-ғазиді 1645 жылы көктемде еш қарсылықсыз Хиуаға басып кірді. Енді Абу-л-ғазиді түрікмендерді ырықтандыруда айласы мен күшін тиімді пайдаланды. Түрікмендер Абу-л-ғазиге 5-6 ақсақалды жіберіп, енді одан басқа билеушінің жоқ екенін және өздерінің басқа барар жерлері қалмағанын айтып, Абу-л-ғазиді өз билігін мойындатады. (Бартольд В.В., 1963: 610). Ол өзінің иелігінен қашқан түрікмендерге қайта оралуға рұқсат берді. Хазараспенің арғы жағындағы құмды далада көшіп жүрген түрікмендер Бұхар ханының қолдауынсыз қалып, Абу-л-ғазидің ұсынысын қабыл алды. Абу-л-ғазиді бітімгершіліктің белгісі ретінде барлық түрікмендерді ақсақалдарымен бірге Хазараспеді арнайы өтетін асқа шақырды. Ас беріліп жатқанда, Абу-л-ғазидің бұйрығымен өзбектер барлық екі мыңға жуық түрікмендерді қырып салды. Түрікмендердің тұрақтары мен мүліктерін тонап, отбасыларын тұтқынға алып, жеңіс және салтанатпен Хиуаға оралады (Саблуков Г.С., 1906: 288-289).

XVII ғасырдың басындағы Хиуадағы қалың бұқара – өзбектер мен түрікмендердің арасындағы қатыгездікпен болған осы феодалдық күрес хақында В.В. Бартольд былай дейді: «Араб-Мұхаммед хан 1623 жылы түрікмендердің көмегімен өзбектерді жаппай қырып-жойса, кек алу ретінде 1645 жылы Абу-л-ғазидің билікке келуінің алғашқы кезеңінде түрікмендерді қырып-жойу әрекеті болған» (Бартольд В.В., 1963: 274).

Абу-л-ғазиді ендігі кезекте Хиуадан қашқан түрікмендерге шапқыншылықтар жасады. 1646 жылы қыста Теджендегі (Тышран) түрікмендеріне шабуыл жасап, жеңіспен оралады. Екі жылдан кейін, 1648 жылы Тедженнен, Хиуадан, Балхтан қашып, Бами-Беурма өңіріне тұрақтаған түрікмендерге жеңіспен аяқталған шапқыншылық жасады (Бартольд В.В., 1963: 289).

1651 жылы Атрек пен Гүрген жағалауындағы түрікмендерін жеңді, бұл түрікмендер Хиуа үшін күреске қатыспаған болатын, бірақ өзінің атауын тайпасына берген Байрадж хан бастаған түрікмендер Абу-л-ғазиге бағынудан бас тартып, оған қарсы болған (Веселевский И., 1877: 136). 1653 жылы Абу-л-ғазидің түрікмендерге бағытталған соңғы жорығы болды. Бұл жолы ол әмір түрікмендерін бағындырып, қайтар жолда, Динар құдығының жанында сарык тайпасын талқандады (Саблуков Г.С., 1906: 292).

Түрікмендермен болған шапқыншылықтар кезінде, Абу-л-ғазиді өзін Иран жағынан қауіпсіздендіру мақсатында, 1648 жылы парсы шахына елші жібереді. Кейінірек, Бұқар хандығымен болған соғыс кезінде Бұқар ханы Абд ал-Азиз Абу-л-ғазидің Хорезмдегі жағдайын қиындату үшін шахқа ирандағы хорезмдік ханзаданы жіберуін өтінеді, алайда Абу-л-ғазидің ұзақ уақыт осы елдегі камалда тұрғанына қарамастан, Хорезмге оралғаннан кейін Иранмен жақсы қарым-қатынаста болуын ескеріп, шах келісім бермейді.

Түрікмендерге бағытталған шапқыншылықтармен қатар, Хиуаға қауіп төндірген қалмақтармен де шайқастар болды. «Шежіре-и-түрік» шығармасын аяқтаған Абу-л-ғазидің баласы және мұрагері Ануша хан қалмақтармен болған 1649 жылғы және 1653 жылдағы екі ірі шайқасы туралы жазған. Осыдан кейін, 1653 жылы Абу-л-ғазиді қалмақтармен бейбіт келісім орнатты (Бартольд В.В., 1963: 612).

Енді барлық түрікмендерді қоластына бағындырып, қалмақтармен бейбіт келісім орнатылғаннан кейін, Абу-л-ғазидің Бұхар әмірлігіне шабуылы басталды. Ол Балх билеушісі Субхан-Кулидің өзінің ағасы, Бұхар ханы Абд-ул-Азизге қарсы күресте көмектесуге шақыруын тиімді пайдаланды. Субхан-Кули Абу-л-ғазидің кіші інісі Шериф-Мұхаммед сұлтанның қызын алған еді, онымен қоса, XVI ғасырдың соңында Бұхар ханы Абдолланың Хорезмге шабуылы мен

оның туыстарына жасаған қатыгездігі туралы білетін еді. Ендігі жерде соғыс ашудың сылтауы да табылды: өзінің туысына көмектесіп, басқа туыстары үшін кек алу керек болды. 1655 жылы Абу-л-ғазиз Бұхар ханының иелігіне кіріп, Қаракөлді қиратып, бай қазынаны иемденді, осы жылы Қаракөлге шабуылын қайталап, еліне біраз тұтқынмен оралды.

Келесі 1656 жылы Абу-л-ғазиз Чарджуді қиратты, 1657 жылы Яйчиге шабуыл жасады. Наразима арқылы Қаркөлге барып, біраз қазына, тұтқындармен Хиуаға қайтты. Осы жылы Абу-л-ғазиз Карминеге шапқыншылық жасап, тонады, тұтқындарды қолға түсірді. Қайтар жолда оған күтпеген жерден Бұхар ханы Абдул-Азиз шабуыл жасады. Абу-л-ғазиздің әскері біраз алға ұзап кеткендіктен, қиын жағдайға қалды. Алайда ұлы Ануша-Мұхаммед хан тез арада әскерді кейін қайтарып, көмекті дер кезінде жеткізуінің арқасында Бұхар әскерін жеңіп, аман-есен Хиуаға оралды. Абу-л-ғазиз Хиуаға оралу құрметіне үлкен той жасады, ұлының еңбегін халық алдында бағалап, әскерін сеніп тапсырды және Хазараспені берді. (Саблуков Г.С., 1906: 294-295).

1658 жылы Абу-л-ғазиз Варданзиді шабуылдады, 1662 жылы Бұхарға соңғы шапқыншылығын жасады, осыдан кейін Абд-ул-Азизбен бейбіт келісім орнатты. Бұл соңғы жорығынан кейін, Абу-л-ғазиз хандық таққа ұлы Ануша Мұхаммед ханды отырғызып, өзі тақуалықпен және құлшылық жасаумен айналысты («Қазақстан» ҰЭ, 1998:621), осы кезде Орталық Азия аймағының көптеген өңірлерінің саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихы, этнографиясы мен тарихи географиясы туралы маңызды деректер беретін және өз әулетінің тарихы көрініс тапқан «Шежіре-и-түрік» еңбегін жазды. Абу-л-ғазиз бұл ісімен мұсылман әлемінің билеушісі ретінде тек ұрыс алаңында және мемлекеттік қызметте ғана емес, сондай-ақ ғылым жолында да жанқиярлыққа бара алатынының айқын үлгісін көрсетті (Сыздыкова Ж.С., Кадырбаев А.Ш., 2017: 75). Бұл еңбегінен бұрын «Шежіре-и-таракиме» еңбегін жазған. Профессор М.Алпысбес «Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу» монографиясын жазуда: «Орта Азияда хан тұқымдарынан алғашқы болып шежірені жазба түрде таратқан адам Хиуа хандығының бас әкімі – Әбілғазы Баһадүр хан. Оның «Түрікмен шежіресі» аталатын көлемді еңбегі Азияда, әсіресе Орта азияда өмір сүрген ақсүйектердің ата-тегін талдауға арналған», – деп жазады (Алпысбес, 2013: 163 б).

Абу-л-ғазиз «Шежіре-и-түрік» еңбегінің басында үш нәрсені жетік меңгергенін жазады: біріншісі – әскери өнерді толығымен меңгергені мен заңдарды білуі, сонымен қатар шабуылға қалай дайындалу керек, шабуылда не істеу керек, жауға қарсы қалай сап түзеу керек, көпсанды әскерге қарсы шыққанда не істеу керек, және аз санды әскермен кездескенде не істеу керек, достармен және жаулармен қалай келіссөз жүргізу керек деген сияқты мәселелер; екіншісі - поэтикалық шығармалардың барлық түрін шығара алуы: месневи, қасыды, газели, мукатта, рубаи және араб, парсы, түркі тілдерін білуі; үшіншісі – Арабстан, Иран, Тұран, Монғолстанның Адам атадан бастап өз заманына дейінгі падишахтарының атын, өмірі мен билік ету кезеңдерін білуі (Саблуков Г.С., 1906: 2). В.В. Бартольдтың пікірінше, XVII ғасырда Хорезмде ешқандай әдеби қызмет болмаған. Абу-л-ғазиз өзінің әулетінің тарихшысы болуға мәжбүр болды, себебі қоластындағы адамдардың арасында бұл жауапты істі тапсыратын лайықты адам болмады. Абу-л-ғазиздің жоғарғы білімділігін Иранда 10 жыл тұрып, білім мен ғылымды меңгеруімен түсіндіруге болады. Авторға парсы мәдениетінің әсер еткені сонша, ол таза түркі тілінде жазылған еңбегін парсы тіліне аударуды да ойлаған (Бартольд В.В., 1963: 274).

Қорытынды

Абу-л-ғазиз саяси ортада қалыптасқан жағдайды өзіне тиімді пайдаланып, көрегенділігі мен саясаткерлігінің арқасында біраз жеңістерге жетіп отырды. Бастапқыда Абу-л-ғазиз билік пен салық жинауды қолына алған түрікмендердің билігін жою үшін Арал өзбектеріне арқа сүйеді, түрікмендердің билігін жоюды мұқият ойластырылған жоспар бойынша іске асырды. Кейіннен

биліктен айырылып, мойынұсынған түрікмендер өздері келіп қоластына кірді. Оның түрікмендермен, қалмақтармен және Бұхарамен соғыста Иранмен бейтараптылық ұстауы атап өтуге лайықты.

Абу-л-ғазиз қайнаған шапқыншылықтар мен саяси оқиғалардың ортасында жүріп, маңызды деректемелік еңбектер жазып қалдыруы бүгінгі ғылым үшін таптырмас қазына. Бір бойына билеушілік, жауынгерлік, білімділікті ұштастыра білген Абу-л-ғазиз баһадүр ханның рөлінің орта ғасырлардағы Орта Азия тарихы үшін маңызы зор.

Әдебиеттер

- Абражеев А. «Родословное древо тюрков и его автор» // Звезда Востока. - Ташкент, 1946. - №12. - С. 68-76.
- Абулгази Бахадурхан. Родословная история о татарах. / Перевод с французского В.К. Треднаковского. Т. II. - СПб., 1768. - 480 с.
- Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу: монография. - Астана: «BG-Print» Жк, 2013. - 380 б.
- Әбілғазы. Түрік шежіресі. / Көне түркі тілінен аударған Б.Әбілқасымұлы. - Алматы: Ана тілі, 2006. - 200 б.
- Бартольд В.В. Сочинения том II часть 1. Общие работы по истории Средней Азии. Работы по истории Кавказа и Восточной Европы. - Москва, 1963. - 1020 с.
- Веселовский И. Очерк историко-географических сведений о Хивинском ханстве от древнейших времен до настоящего. - Санкт-Петербург, 1877. - 364 с.
- История Казахстана. Энциклопедический справочник. - Алматы: ТОО «Аруна Ltd.», 2010. - 632 с.
- Кононов А.Н. Родословная туркмен/Сочинение Абу-л-Газиз хана Хивинского. Москва-Ленинград: Издательство АН СССР, 1958. - 285 с.
- Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. / бас ред. Ә. Нысанбаев. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. - 720 б.
- Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений). / Составители: С.К. Ибрагимов, Я.Я. Мингулов, К.А. Пищулина, В.Я. Юдин. - Алма-Ата: «Наука» Казахской ССР, 1969. - 651 с.
- Саблуков Г.С. Родословное древо тюрков. Сочинение Абуль-Газиз, Хивинского хана // Перевод и предисловие Г.С. Саблукова. - Казань, Типография Императорского университета, 1906. - 223 с.
- Сыздыкова Ж.С., Кадырбаев А.Ш. Ученые «Во власти» на мусульманском востоке. Эпоха Чингизидов // ИСОМ. - 2017. - №3-2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/uchenye-vo-vlasti-na-musulmanskom-vostoke-epoha-chingizidov> (дата обращения: 19.03.2019).
- Табулдин Г.Ж. Чингизиды. Монография. Г.Ж. Табулдин, М.А. Набиев. - Кокшетау: Мир печати, ИП Устюгова Н.Ф., 2016. - 496 с.
- Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. / Ш. Уәлиханов. - Алматы: «Толағай групп», 2010. - Т. 4. - 496 б.

References

- Abrazeev A. «Rodoslovnnoe drevo türkovi ego avtor» // Zvezda Vostoka. - Taškent, 1946. - №12. - S. 68-76.
- Abulgazi Bahadurhan. Rodoslovnaâ istoriâ o tatarah. / Perevod s francuzskogo V.K. Trednakovskogo. T. II. - SPb., 1768. - 480 s.
- Alpysbes M.A. Kazak şežiresi: tarihnamalyk-derektanulyk zertteu: monografiâ. - Astana: «VG-Print» Žk, 2013. - 380 b.
- Abilgazy. Tŭrik şežiresi. / Kone tŭrki tilinen audargan B.Abilkasyuly. - Almaty: Ana tili, 2006. - 200 b.
- Bartol'd V.V. Sočineniâ tom II čast' 1. Obšie raboty po istorii Srednej Azii. Raboty po istorii Kavkaza i Vostočnoj Evropy. - Moskva, 1963. - 1020 s.
- Veselovskij I. Očerk istoriko-geografičeskikh svedenii o Hivinskom hanstve ot drevnejših vremen do nastoâšego. - Sankt-Peterburg, 1877. - 364 s.
- Istoriâ Kazahstana. Ènciklopedičeskij spravočnik. - Almaty: TOO «Aruna Ltd.», 2010. - 632 s.
- Kononov A.N. Rodoslovnaâ turkmen/Sočinenie Abu-l-Gazi hana Hivinskogo. - Moskva-Leningrad: Izdatel'stvo AN SSSR, 1958. - 285 s.
- Qazaqstan. Ul'tyq ènciklopediâ. / bas red. A. Nysanbaev. - Almaty: «Qazaq ènciklopediâsy» Bas redakciâsy, 1998. - 720 b.
- Materialy po istorii kazahskih hanstv XV—XVIII vekov (izvlečeniâ iz persidskih i tŭrkskih sočinenij). / Sostaviteli: S.K. Ibragimov, Â.Â. Mingulov, K.A. Pišulina, V.Â. Ŭdin. - Alma-Ata: «Nauka» Kazahskoj SSR, 1969. - 651 s.
- Sablukov G.S. Rodoslovnnoe drevo türkovi. Sočinenie Abul'-Gazi, Hivinskogo hana // Perevod i predislovie G.S. Sablukova. - Kazan', Tipografiâ Imperatorskogo universiteta, 1906. - 223 s.
- Syzdykova Ž.S., Kadyrbaev A.Š. Učenyje «Vo vlasti» na musul'manskom vostoke. Èpoha Čingizidov // ISOM. - 2017. - №3-2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/uchenye-vo-vlasti-na-musulmanskom-vostoke-epoha-chingizidov> (data obrašeniâ: 19.03.2019).
- Tabul'din G.Ž. Čingizidy. Monografiâ. G.Ž. Tabul'din, M.A. Nabiev. - Kokšetau: Mir pečati, IP Ustŭgova N.F., 2016. - 496 s.
- Uәlihanov Š.Š. Kop tomdyq ŭygarmalar žinagy. / Š. Uәlihanov. - Almaty: «Tolagaj grupp», 2010. - T. 4. - 496 b.

МАЗМҰНЫ

Абдрахим М., Тулешова У. ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «ШЕН» ЖӘНЕ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ МАРАПАТТАРЫ МӘСЕЛЕСІ.....	5
Ахтаева Н.С., Парух К.И. SPSS – СТАТИСТИКА БАҒДАРЛАМАСЫНДА СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДА СПОРТШЫЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ	12
Байгапанова А.Б., Адильбаева А.С. СЕМЕЙ Өңірі ауыл еңбекшілерінің майданды өнім сұранысымен қамтамасыз етуі.....	19
Балтабаева К.Н. ӨБІЛҚАЙЫР МҰХАММЕД ҒАЗИ БАҒАДУР-ХАН.....	33
Бейсегүлова А.Қ. ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУДА ТІЛДІҢ ОРНЫ.....	45
Бекжан О.Д. ҚАССАҚ ЭТНОНИМИ ЖАЗЫЛҒАН КӨНЕ ТҮРКІ РУНА ЖАЗУЫНЫҢ МАҒЫНАСЫ.....	50
Гейдаров А. КСРО-НЫҢ ҚҰРЫЛУ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ РКФСР-ДІҢ ОҢТҮСТІК КАВКАЗДАҒЫ САЯСАТЫ ЖӘНЕ БҰЛ БАҒЫТТАҒЫ ӨЗГЕШЕЛІКТЕР.....	57
Жайлыбаев Д.Ж. ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ МОНО ЖӘНЕ ШАҒЫН ҚАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫ.....	63
Жанақова Н.Т. ҚАЛИ БІЛӘЛОВ – ЕЛІМІЗДЕГІ БІЛІМ ІСІНІҢ БІЛГІР ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ.....	68
Жарқынбаева Р.С., Байжанова С.Н. ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	73
Жуматаев Р.С., Кожабекова Ж.Б. ТҮРКІ-МОҢҒОЛ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ.....	82
Ибраева А. ЖАҒАҢША ДОСМҰХАМЕДОВ – АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ӨРШІЛ ҚАЙРАТКЕРІ.....	91
Ибраева А. АХМЕТ БІРІМЖАНОВ – АЛАШ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ.....	101
Каженова Г.Т. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ САЯСАТЫНА БҰҚАРА ХАЛЫҚТЫҢ КӨРСЕТКЕН ҚАРСЫЛЫҒЫ.....	111
Кәрібаев Б.Б. ЖӨНІБЕК ХАН.....	120
Кәрібаев Б.Б. КЕРЕЙ ХАН.....	133
Құлышанова А.А. ЖАҢА ӘДІСНАМАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР БОЙЫНША ҰЛТТЫҚ САЯСАТЫ БОЛЬШЕВИКТЕР ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІНДЕ ТОТАЛИТАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ.....	150
Қалыбекова М.Ч. XX ғ. 30-40 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КСРО-НЫҢ ҚҰҒЫН СҮРГІН САЯСАТЫНЫҢ БІР ТҮРІ - ҚАЗАҚСТАНҒА КҮШТЕП ҚОНЫСТАНДЫРУ	154
Қалшабаева Б.К., Шакенов С.Т., Ермабылов А.Е. ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЛБА-НАРЫМ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ (ЖЕРЛЕУ ОРЫНДАРЫ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....	163
Қойгелдиев М.Қ. МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ: АЛАШТЫҚ ҚАЛАМҒЕРЛЕР МАНИФЕСІ.....	170
Қойгелдиев М.Қ. ЕСМАҒАМБЕТ ИСМАЙЛОВ: МЕН ӘДЕБИЕТТІ БАРЛЫҚ МҮДДЕМНЕН ЖОҒАРЫ ҚОЙДЫМ!.....	192
Қорабай С.С. «ДАНА ХИКАР ХИКАЯСЫ» ЖӘДІГЕРІ – АРМЯН ЖАЗУЫНДАҒЫ ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ҚЫПШАҚ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІ.....	226

Майданали З.	
ТӨРЕ ЖӘНЕ ШЫҢҒЫС ХАННЫҢ ЖАСАҒЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМИ ПАРАДИГМАЛАР.....	232
Мамедзаде У.К.	
ӘЗЕРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЙМАҚТАҒЫ БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ РЕТІНДЕ..	238
Мамиров Т.Б., Клышев Е.Е.	
ОЙСЫЛҚАРА ЖЕРІНДЕГІ ТАС ДӘУІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТУРАЛЫ(АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ):	
АЛДЫН-АЛА ХАБАРЛАМА.....	247
Молдабаева Д.Ж., Маратұлы Т.	
Х-ХІ Ғ. ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ШЫҒЫС САЯСАТЫ: КОЧО ҰЙҒЫР ИДИҚҰТТЫҒЫМЕН	
СОҒЫСЫ ЖӘНЕ ХОТАНДЫ ЖАУЛАП АЛУЫ.....	254
Мургабаев С.С.	
ҚАРАТАУ ПЕТРОГЛИФТЕРІНДЕГІ ТҮРКІ КЕЗЕҢІНІҢ БЕЙНЕЛЕРІ МЕН ТАҢБАЛАРЫ.....	262
Мұхитов Қ.	
ГҮРЬЕВ-ҚАНДЫАҒАШ ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ САЛЫНУ ТАРИХЫ.....	282
Омарова Г.Ә.	
АЛЖИР ҚАСІРЕТІ: АЗАП ШЕККЕН АНАЛАР ЕСТЕЛІГІНДЕ.....	289
Оспанғалиев Қ.Ә.	
БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ	
ҚОҒАМДЫ-САЯСИ ЖАҒДАЙЫ.....	297
Саурықова Ж.С.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ КУЛАКТАРДЫ ЖОЮ ПРОЦЕСІНДЕГІ БҰРМАЛАНУЛАР.....	309
Смағұлов Б.	
ТОҢЫКӨКТИҢ ЕКІНШІ ТҮРІК ҚАҒАНДЫҒЫ КЕЗІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ	
ӘСКЕРИ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ (VII – VIII ғғ.).....	318
Сұлтанғалиева Г., Ануаров Н.Т.	
ОРЕНБУРГ КАДЕТ КОРПУСЫ ЖӘНЕ XIX Ғ. ҚАЗАҚ ОФИЦЕРЛЕРІ.....	330
Ташқараева Ә.М.	
АБУ-Л-ҒАЗИ БАҒАДҮР ХАН: ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	338
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шакенов С.Т., Ерғабылов А.Е.	
ШІЛІКТІ-ТАРБАҒАТАЙ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ 2019 ЖЫЛЫ ЕЛЕКЕ САЗЫ ҚОРЫМЫНДА	
ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ.....	347
Хасенова Б.М.	
АРХЕОЛОГИЯ БОЙЫНША КИМАК ҚОҒАМЫНДАҒЫ ГЕНДЕР.....	353

СОДЕРЖАНИЕ

Абдрахим М., Тулешова У. ВОПРОСЫ «ЧИНА» И НАГРАД РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В КАЗАХСКОМ УСТНОМ НАРОДНОМ ТВОРЧЕСТВЕ.....	5
Ахтаева Н.С., Парух К.И. ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ КОНСУЛЬТИРОВАНИЕ СПОРТСМЕНОВ В КРИЗИСНЫХ СИТУАЦИЯХ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ СТАТИСТИЧЕСКОЙ ВЫКЛАДКИ ДАННЫХ В ПРОГР.....	12
Байгапанова А.Б., Адильбаева А.С. ОБЕСПЕЧЕНИЕ СЕЛЬСКИМ НАСЕЛЕНИЕМ СЕМИПАЛАТИНСКОГО РЕГИОНА ПОТРЕБНОСТЕЙ ФРОНТА.....	19
Балтабаева К.Н. АБУЛХАИР МУХАММЕД ГАЗИ БАХАДУР-ХАН.....	33
Бейсегулова А.К. РОЛЬ ЯЗЫКА В СОХРАНЕНИИ ЭТНИЧЕСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ.....	45
Бекжан О.Д. ЗНАЧЕНИЯ ДРЕВНЕ ТЮРКСКОГО РУНИЧЕСКОГО ПИСЬМА, ГДЕ НАПИСАН ЭТНОНИМ КАССАК.....	50
Гейдаров А. ПОЛИТИКА РСФСР НА ЮЖНОМ КАВКАЗЕ НАКАНУНЕ ОБРАЗОВАНИЯ СССР И РАЗЛИЧИЯ В ДАННОМ НАПРАВЛЕНИИ.....	57
Жайлыбаев Д.Ж. РАЗВИТИЕ МАЛЫХ И МОНО ГОРОДОВ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	63
Жанакоева Н.Т. КАЛИ БИЛАЛОВ – ТАЛАНТЛИВЫЙ ОРГАНИЗАТОР ОБРАЗОВАНИЯ В СТРАНЕ.....	68
Жаркынбаева Р.С., Байжанова С.Н ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ УЗБЕКИСТАН.....	73
Жуматаев Р.С., Кожобекова Ж.Б. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ МИРОВОЗЗРЕНИЯ ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИХ НАРОДОВ, СВЯЗАННЫЕ С ЛОШАДЬЮ.....	82
Ибраева А. ЖАХАНША ДОСМУХАМЕДОВ – АМБИЦИОЗНЫЙ ДЕЯТЕЛЬ АЛАШСКОГО ДВИЖЕНИЯ.....	91
Ибраева А. АХМЕТ БИРИМЖАНОВ – ВЫДАЮЩИЙСЯ ПРЕДСТАВИТЕЛЬ АЛАШСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ.....	101
Каженова Г.Т. СОПРОТИВЛЕНИЕ НАРОДНЫХ МАСС ПОЛИТИКЕ ВОЕННОГО КОММУНИЗМА В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ.....	111
Карибаев Б.Б. ЖАНИБЕК ХАН.....	120
Карибаев Б.Б. КЕРЕЙ ХАН.....	133
Кульшанова А.А. НОВЕЙШИЕ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ ПО НАЦИОНАЛЬНОЙ ПОЛИТИКЕ БОЛЬШЕВИКОВ В ПЕРИОД СТАНОВЛЕНИЯ ТОТАЛИТАРНОГО ГОСУДАРСТВА.....	150
Калыбекова М.Ч. ПРИНУДИТЕЛЬНОЕ ПЕРЕСЕЛЕНИЕ НАРОДОВ В КАЗАХСТАН КАК ФОРМА РЕПРЕССИВНОЙ ПОЛИТИКИ СССР (1937-1945).....	154
Калшабаева Б.К., Шакенов С.Т., Ергабылов А.Е. МИРОВОЗЗРЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ КАЛБА-НАРЫМСКИХ ПРЕДГОРИЙ В ЭПОХУ БРОНЗЫ (НА ОСНОВАНИИ МАТЕРИАЛОВ ЗАХОРОНЕНИЙ).....	163
Койгелдиев М. МАГЖАН ЖУМАБАЕВ: МАНИФЕСТ НАЦИОНАЛЬНОГО ПИСАТЕЛЯ.....	170
Койгелдиев М. ЕСМАГАМБЕТ ИСМАИЛОВ: Я ЛИТЕРАТУРУ СТАВИЛ ВЫШЕ ВСЕХ СВОИХ ИНТЕРЕСОВ!.....	192
Корабай С.С. «СКАЗАНИЕ О ПРЕМУДРОМ ХИКАРЕ» – АРМЯНОПИСЬМЕННЫЙ КЫПЧАКСКИЙ ПАМЯТНИК СРЕДНЕВЕКОВЬЯ.....	226

Майданали З. СОВРЕМЕННЫЕ НАУЧНЫЕ ПАРАДИГМЫ И ТЕНДЕНЦИИ В ИЗУЧЕНИИ ТÖРЕ И ЯСЫ ЧИНГИСХАНА.....	232
Мамедзаде У.К. АЗЕРБАЙДЖАНСКАЯ РЕСПУБЛИКА КАК ГАРАНТ МИРА И СТАБИЛЬНОСТИ В РЕГИОНЕ.....	238
Мамиров Т.Б., Клышев Е.Е. О ПАМЯТНИКАХ КАМЕННОГО ВЕКА МЕСТНОСТИ ОЙСЫЛКАРА (АКТЮБИНСКАЯ ОБЛ.): ПРЕДВАРИТЕЛЬНОЕ СООБЩЕНИЕ.....	247
Молдабаева Д.Ж., Маратұлы Т. ВОСТОЧНАЯ ПОЛИТИКА КАРАХАНИДСКОГО ГОСУДАРСТВА В X-XI ВЕКАХ: ВОЙНА С УЙГУРСКИМ ИДИКУТСТВОМ КОЧО И ЗАВОЕВАНИЕ ХОТАНА.....	254
Мургабаев С.С. ИЗОБРАЖЕНИЯ И ТАМГИ РАННЕТЮРКСКОГО ПЕРИОДА В ПЕТРОГЛИФАХ КАРАТАУ.....	262
Мухитов К. ИСТОРИЯ СТРОИТЕЛЬСТВА ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ ГУРЬЕВ-КАНДАГАЧ.....	282
Омарова Г.А. ГОРЕСТИ АЛЖИРА В ВОСПОМИНАНИЯХ МАТЕРЕЙ-УЗНИЦ.....	289
Оспангалиев К.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ НАКАНУНЕ ВСЕРОССИЙСКОГО УЧРЕДИТЕЛЬНОГО СОБРАНИЯ.....	297
Саурыкова Ж.С. ПЕРЕГИБЫ И ИСКРИВЛЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И РАСКУЛАЧИВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ.....	309
Смагулов Б. ОБЩЕСТВЕННАЯ И ВОЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ТОНЬЮКУКА В ПЕРИОД ВТОРОГО ТЮРКСКОГО КАГАНАТА (VII – VIII ВВ.).....	318
Султангалиева Г.С., Ануаров Н.Т. ОРЕНБУРГСКИЙ КАДЕТСКИЙ КОРПУС И КАЗАХСКИЕ ОФИЦЕРЫ XIX В.....	330
Ташкараева А.М. АБУ-Л-ГАЗИ БАХАДУР ХАН: ЖИЗНЬ И ОБЩЕСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ.....	338
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шакенов С.Т., Ерғабылов А.Е. ИССЛЕДОВАНИЯ, ПРОВЕДЕННЫЕ ШИЛИКТИ - ТАРБАГАТАЙСКОЙ АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕДИЦИЕЙ В 2019 ГОДУ НА МОГИЛЬНИКЕ ЕЛЕКЕ САЗЫ.....	347
Хасенова Б.М. ГЕНДЕР В КИМАКСКОМ ОБЩЕСТВЕ ПО ДАННЫМ АРХЕОЛОГИИ.....	353

CONTENTS

Abdrakhim M., Tuleshova U.	
QUESTIONS OF “RANK” AND AWARDS OF THE RUSSIAN EMPIRE IN THE KAZAKH ORAL FOLK.....	5
Akhtayeva N.S., Paruch K.I.	
PSYCHOLOGICAL CONSULTING OF ATHLETES IN CRISIS SITUATIONS USING STATISTICAL DATA CALCULATIONS IN THE SPSS-STATISTICS PROGRAM.....	12
Baigapanova A.B., Adilbayeva A.S.	
COVERING THEFRONT DEMANDS BY THE RURAL POPULATION OF THE SEMIPALATINSK REGION.....	19
Baltabayeva K.	
ABULKHAIR MUKHAMET GAZI BAKHADUR-KHAN.....	33
Beysegulova A.K.	
THE ROLE OF LANGUAGE IN PRESERVING ETHNIC IDENTITY.....	45
Bekzhan O.D.	
THE VALUES OF THE ANCIENT TURKIC RUNIC LETTERS, WHERE THE WRITTEN WORD KASSAK.....	50
Heydarov A.	
THE SOUTH CAUCASUS POLICY OF RSFSR ON THE EVE OF THE USSR ESTABLISHMENT AND DIFFERENCES IN THIS DIRECTION.....	57
Zhailybayev D.Zh.	
DEVELOPMENT OF SMALL AND MONO CITIES OF TURKESTAN REGION.....	63
Zhanakova N.T.	
KALI BILALOV – TALENTED ORGANIZER OF EDUCATION IS IN COUNTRYS.....	68
Zharkynbayeva R., Baizhanova S.	
FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF THE HIGHER EDUCATION SYSTEM OF THE REPUBLIC OF UZBEKISTAN.....	73
Zhumataev R.S., Kozhabekova Zh.B.	
SOME ASPECTS OF WORLDVIEW RELATED TO HORSES AT TURK-MONGOLIAN PEOPLES.....	82
Ibraeva A.	
ZHAKHANSHA DOSMUKHAMEDOV – THE AMBITIOUS ACTOR OF THE ALASH MOVEMENT.....	91
Ibraeva A.	
AKHMET BIRIMZHANOV – THE OUTSTANDING REPRESENTATIVE OF THE ALASH INTELLIGENTSIA.....	101
Kazhenova G.	
THE RESISTANCE OF THE POPULATION TO THE POLICY OF WAR COMMUNISM IN NORTHERN KAZAKHSTAN.....	111
Karibaev B.	
JANIBEK KHAN.....	120
Karibaev B.	
KEREY KHAN.....	133
Kulshanova A.A.	
THE LATEST METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE NATIONAL POLICY OF THE BOLSHEVIKS IN THE PERIOD OF THE TOTALITARIAN STATE FORMATION.....	150
Kalybekova M.Ch.	
FORCED RESETTLEMENT OF PEOPLES TO KAZAKHSTAN AS A FORM OF REPRESSIVE POLICY OF THE USSR (1937-1945).....	154
Kalshabayeva B.K., Shakenov S.T., Ergabylov A.E.	
WORLDVIEW OF THE POPULATION OF KALBA-NARYM FOOTHILLS IN THE BRONZE AGE (BASED ON BURIAL MATERIALS).....	163
Koigeldiyev M.	
MAGZHAN ZHUMABAYEV: MANIFESTO OF A NATIONAL WRITER.....	170
Koigeldiyev M.	
YESMAGAMBET ISMAILOV: I PUT LITERATURE ABOVE ALL MY INTERESTS!.....	192
Korabay S.	
A «STORY ABOUT WISE HIKAR» IS ARMENIAN WRITING KIPCHAK MONUMENT OF MIDDLE AGES.....	226
Maidanali Z.	
MODERN SCIENTIFIC PARADIGMS AND TRENDS IN THE STUDY OF TÖRE AND YASY CHINGISKHAN.....	232

Mamedzade U.K.	
REPUBLIC OF AZERBAIJAN AS A GUARANTOR OF PEACE AND STABILITY IN THE REGION.....	238
Mamirov T.B., Klyshev E.E.	
ABOUT THE STONE AGE SITES OF OYSYLKARA (AKTOBE REGION): PRELIMINARY REPORT.....	247
Moldabayeva D.J., Maratulu T.	
THE EASTERN POLICY OF QARAKHANID STATE IN X-XI CENTURIES:THE WARFARE BETWEEN KOCHO KINGDOM OF UYGHURS AND THE INVASION OF KHOTAN.....	254
Murgabayev S.S.	
IMAGES AND TAMGI OF THE EARLY TURKISH PERIOD IN KARATAU PETROGLYPHS.....	262
Mukhitov K.	
THE HISTORY OF THE RAILWAY GURYEY-KANDAGASH CONSTRUCTION.....	282
Omarova G.	
THE SORROWS OF ALGERIA IN THE MEMORIES OF MOTHERS-PRISONERS.....	289
Ospangaliev K.A.	
SOCIO-POLITICAL SITUATION IN EAST KAZAKHSTAN ON THE EVE OF THE ALL-RUSSIAN CONSTITUENT ASSEMBLY.....	297
Saurykova Zh.	
EXCESSES AND DISTORTIONS IN THE PROCESS OF COLLECTIVIZATION AND DISPOSSESSION IN KAZAKHSTAN.....	309
Smagulov B.	
MILITARY-POLITICAL ACTIVITY OF TONYUKUK IN THE PERIOD OF SECOND TURKIC QAGHANATE (VII - VIII CENTURIES).....	318
Sultangalieva G.S., Anuarov N.T.	
ORENBURG CADET CORPS AND KAZAKH OFFICERS IN THE XIX CENTURY.....	330
Tashkaraeva A.	
ABU-L-GHAZI BAHADUR KHAN: LIFE AND PUBLIC ACTIVITIES.....	338
Toleubaev A.T., Zhumatayev R.S., Shakenov T., Ergabilov A.E.	
RESEARCH WORK CARRIED OUT BY THE SHILIKTY-TARBAGATAI ARCHAEOLOGICAL EXPEDITION IN 2019 AT THE YELEKE SAZY NECROPOLIS.....	347
Khasenova B.M.	
GENDER IN THE KIMAK SOCIETY ACCORDING TO DATA OF ARCHEOLOGY.....	353

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2019. 4(20)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 15.12.2019.
Пішімі 70х100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй